



АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Келіссөздердер жүргізу





Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келіссөздердер жүргізу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

Келіссөздер жүргізу туралы келісім

Келісімшарт жасасу алдында, яғни болашақта жасалатын негізгі шарт ережелері жөнінде келіссөз жүргізуге ұмтылған тараптардың «адал» немесе «қисынды» ('reasonable'), немесе «барынша күш салып» әрекет етуін көздейтін міндеттеме (undertaking) заң бойынша міндетті болып саналмайды.

Мысалы, Лордтар Палатасының Уолфордтың Майлсқа қарсы ісі (1992) бойынша шығарған шешіміне сай, «жылы шыраймен» немесе «қисынды» түрде келіссөз жүргізу туралы келісім басынан жарамсыз болып табылады, өйткені ондай келіссөз нәтижесінде болашақта негізгі келісімшарт жасалатыны-жасалмайтыны белгісіз (өз кезегінде, мұндай келісімшарт «қол қойылғанда күшіне енеді» – 'subject to contract').

Барбудев ісін (2012) қараған лорд-судья Айкенс Уолфордтың Майлсқа қарсы ісі бойынша – тараптардың келісімге келу туралы келісімі (an agreement to agree) заң бойынша міндетті сипатқа ие болмайды деген тұжырымға қатысты міндетті (ескерілуге тиіс) сот прецеденті (ағыл. binding authority) екенін растаған. Болашақта жасалуы мүмкін негізгі келісімшарттың негізгі талаптары туралы келісімге келу үшін «барынша қисынды күш салып» ('best reasonable endeavours') әрекет ету туралы міндеттемеге де осындай ұстаным қолданылады.

Ал келесіде аталған келісім түрлерінің заңды күші бар және тараптар үшін міндетті:

Белгілі уақыт кезеңі ішінде «достық» және «ақылға қонымды» мәнерде келіссөздер жүргізу, сонымен бірге, егер төрелік (арбитраж) жолымен дауды шешу қарастырылған болса, тараптар дауды шешу үшін белгілі уақыт кезеңі ішінде келіссөздер жүргізуге міндеттілігі көрсетілген келісімшарттар;

Мысалы, MRI Trading AG компаниясының Erdenet Mining Corp LLC компаниясына қарсы ісін (2013) қараған Апелляциялық сот келісімге келу туралы келісімнің негізгі шарт шеңберінде болатын жағдайды бөліп көрсеткен; мұндағы негізгі шарт дегеніміз – жарамды, күшіне енген және орындалып жатқан шарт.

Қысқаша айтқанда: (a) тараптар тауарлардың коммерциялық саудасына қатысты ауқымды мәселелер кешені бойынша өзара берік міндеттемелер алғаны туралы ұйғарымға келген болуы қажет; (b) тараптар шешілмеген мәселелерді келісіп реттеуге міндеттеме алған болуы керек; (c) шартта қарастырылған іс-шаралардың елеулі бөлігі орындалған болуы қажет немесе жасалған мәміле әлдеқайда ауқымды ұағдаластықтың бір бөлігі болуы керек – мұндай жағдайда талаптардың айқын болмауы салдарынан күрделі мәселенің шешілмей қалуы коммерциялық тұрғыда ыңғайсыз жағдай тудыратын еді; сонымен қатар (d) тараптар аталған сұрақтар бойынша толыққанды келісімге қол жеткізе алмаса, мәселенің арбитражда қаралатыны туралы болжам жасай алатындай жағдайда болуы керек.

Керісінше, BJ Aviation Ltd Pool v. Aviation Ltd (2002) ісінде жалға алуды жаңарту үшін жалға алу төлемін анықтау туралы келісім болашақта жасалатын тараптар арасындағы келісімшартының негізгі шарты болды. Сонымен қатар, жалдау ақысы белгілі бір мерзімде шешілуі керек болды. Сондықтан сол келісімде белгіленген мерзімде жалдау ақысы туралы тараптар келісімге келуге міндетті болды, егер сол уақыттың ішінде аталған мәселе бойынша тараптар келісімге келмесе тараптар арасындағы негізі келісімшарттың жасалуы екіталай болатын.

Бұл істі қараған соттар келісімшарт мерзімін ұзарту мәселесін шешуге бағытталған келіссөздер жөніндегі міндеттеменің болғанын құптады. Квинслендтің Электр энергиясын өндіру жөніндегі комиссиясының New Hope Collieries компаниясына қарсы ісін (1989), қараған Құпия кеңес көмір жеткізу жөніндегі 15 жылға жасалған келісімшарттағы екінші бес жылдық кезеңге қатысты бағаның өзгеруі туралы клаузуланы (ескертпені) мақұлдады. Келісімшарттың тиісті ережелерінде былай делінген: «Тараптар базалық баға және бағалардың өзгеруі туралы ережелерді ... өзара келісіп айқындауы керек».

Дауларды реттеу туралы, мысалы, арбитраж жөніндегі басты ескертпеге қатысты келіссөздер туралы ережелер.

Мысалы, Emirates Trading Agency LLC v. Prime Mineral Exports Private Ltd (2014) қарсы ісінде тараптар арасында туындаған дауларды шешу үшін тараптар төрелік сотқа жүгінер алдында 4 апта ішінде туындаған дауды шешу үшін келіссөздер жүргізуге міндетті болды. Ол дауларды реттеу туралы ауқымды ескертпенің бір бөлігін құптап, істі арбитражға беру алдындағы міндетті алғышарт ретінде тараптардан «жылы шыраймен» келіссөздер жүргізуді талап етті. Ол істі арбитражда қараудан бұрын келіссөздер туралы ереже талаптарын орындау шарт деп шешті. Алайда, фактілерді тексере келе, ол аталған талап орындалды деп ұйғарды. Сондықтан бұл іс заңды түрде арбитражда қарала бастады.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келіссөздердер жүргізу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

(б) белгілі бір тараптар (және тек қана сол тараптар) арасында келіссөздер жүргізу туралы белгілі бір мерзімге ғана жасалған келісімшарттар; Оны ағылшын тілінде «lock-out or exclusivity agreements for a fixed period» деп атайды. Мысалы А тарап пен Б тарап біреуі бір затты белгілі бір бағаға сатуға, ал екінші тарап сол затты сол бағаға белгілі бір мерзім ішінде сатып алу туралы келісімге келеді. Сонымен бірге, екі тарапта дәл сол мәселе бойынша үшінші тараптармен келісімге келмеуге уәделенеді.


Ондай келісімшарттар міндетті түрде белгілі бір мерзімге ғана жасалады. Мысалға Апелляциялық сот Pitt v. PNH Asset Management Ltd, (1994) ісінде сондай 2 аптаға жасалған келісімшарттың заңды күші бар деп шешті. Ондай келісімшарттар, әдетте, ұзақ мерзімге, «ақылға қонымды» немесе «қажет болғанға дейінгі» мерзімдерге жасалмайды.

Құрылыс салуға рұқсат алу (planning permission) немесе экспорттық лицензияны алу туралы келісімшарт;

Жоспарланған рұқсатты немесе экспорттық лицензияны алу үшін барынша күш жұмсау туралы келісімшарт тараптарға міндетті болады. Ол мәселе Sainsbury's Supermarkets Ltd v. Bristol Rovers (1883) Ltd (2015) ісінде қарастырылған. Тараптар сату-сатып алу шартын жасасқан. Ол бойынша Bristol Rovers Sainsbury's Supermarkets Ltd компаниясына Мемориал стадионның жанындағы орындарды Sainsbury супермаркеттерін орналастыру үшін сатуға келісімге келген. Алайда, сату – сатып алу шарты тек Sainsbury қажетті рұқсаттарды алғаннан кейін ғана күшіне енеді деген келісімге келген.

Медиация туралы келісім.

Ағылшын құқығы дауларды медиация тәсілімен шешу туралы келісімдердің заңды күші бар деп таниды. Ол үшін медиация туралы келісімде тараптардың құқықтық қарым-қатынас жасасу туралы ниеті мен адалдығы болуы тиіс.



Медиация туралы келісім: тараптардың медиация арқылы дауларды шешу міндеттілігін қамтуы тиіс; дауларды шешетін медиатордың сайлау немесе тағайындалу тәсілі айқын және түсінікті болуы тиіс; медиацияны жүргізу тәсілін таңдау, сайланған немесе тағайындалған медиатордың өзі ұсынған әдіс немесе тараптар алдын-ала өздері белгілеген әдіс бойынша дауларды шешу жолдары көрсетіледі.

Келісуші тараптың біреуі медиация туралы келісімді бұзып, медиацияға жүгіну жолын қарастырудан бас тартып (немесе медиацияға жүгінуге мүмкіндік туған

кезде қажетті қадам жасамай), істі Англия мен Уэльсте уақытынан бұрын сот қарауына берген жағдайда, сот медиация туралы келісім талаптары тиісті түрде орындалмайынша аталған істі қарауды тоқтатып, оны кейінге шегеруі мүмкін. Англия мен Уэльс соттары, медиация туралы келісімнің бұзылғанына-бұзылмағанына қарамастан, медиацияға жүгінуден себепсіз бас тартқан тарапқа қатысты басқа да санкциялар (атап айтқанда, істі қарау барысындағы сот шығындарын өндіріп алу) қолдануы мүмкін. Тараптар істі арбитражда қарау алдында медиацияға жүгіну туралы келісімге келген кезде де осындай тәртіп қолданылады.

Келісімшарт жасасу барысындағы адалдық немесе шарт жасасуға дейінгі әділ іскерлік тәжірибе

Келісімшарт жасасу барысында келіссөздерді адал жүргізу міндеті нақты жеке қағида ретінде орын алмаған. Келіссөздер жүргізу кезінде адалдық қағидасының қолданғанын тексеру үшін соттар келесідей барынша икемді доктриналарды пайдаланады, атап айтсақ: меншіктік эстоппель, реституция, жаңылыстыратын мәліметтердің кейбір түрлеріне байланысты деликтілік жауапкершілік, тұспалданған аксессуарлық қарапайым талаптар (ағыл. implied collateral warranties, атап айтқанда, тендерлер, аукциондар



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келіссөздердер жүргізу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

және жабық сауда-саттық (sealed bids) ұйымдастыруға қатысты талаптар), фидуциарлық қатынастар және заңға немесе сот шешіміне сай сенімгерлік меншік.

Келісімшарт жасасу

Келісімшарт жасасу ниеті. Егер тараптар келіссөздер жүргізу барысында, бір тарап өзара іскерлік қатынастарын келісімшарт жасасу арқылы бекіту керек деген ниет білдіріп, әрі қарай келісімшарт жасалмаса, ол тараптар арасында ешқандай келісімшарт жоқ екенін білдіреді. Яғни, келісімшарт қол қойылғанда күшіне енеді. Мысалы, *RTS Flexible Systems Ltd v. Molkerei Alois Müller GmbH (2010)* ісін қарастыруға болады. Әдетте келісуші тараптар өз мәмілелерінің «келісімшартқа қол қойылғанда күшіне енетінін» айқын білдіреді. Алайда кейде тараптар өз мәмілелерінің «келісімшартқа қол қойылғанда күшіне енетінін» тұспалдаған, яғни айқын білдірмеген деген ұйғарым жасауға болатын жағдайлар да кездеседі. Мұндай қорытынды шығармас бұрын арнайы юрисдикция соты төмендегі ерекше жайттарды қарастыруы тиіс. Тараптар (а) қол қойғанша немесе ең болмағанда жазбаша түрде рәсімделген талаптар жөнінде келісімге келмейінше заң бойынша міндетті болып саналмайтын келісімге келген болуы мүмкін. Мысалы, ауызша немесе электрондық пошта арқылы жасалған уағдаластық жазбаша түрде не қағаз күйіндегі құжат түрінде бекітіліп, күшіне енеді деген айқын түсіністіктің не талаптың болғанын-болмағанын анықтау; Осы аталған (а) жағдайында тараптар келісімшарт жасасқан болып саналмайды, тараптар қол қойғанша немесе ең болмағанда жазбаша түрде рәсімделген талаптар жөнінде келісімге келмейінше келісімшарт жоқ, яғни «келісімшарт қол қойылғанда күшіне енеді» деген тұспалданған талап бар.

Сонымен бірге, тараптар (1-кезеңде) қандай да бір келісімге келіп, (2-кезеңде) сол келісімді ресми жазбаша құжат түрінде рәсімдеп, оған қол қою туралы міндеттеме алған болуы мүмкін. Дегенмен келісімшарт қол қойылғанда күшіне енеді.

Molkerei Alois Müller GmbH автоматтандырылған орау техникасын сатып алған, оны *RTS Flexible Systems Ltd* компаниясы орнату керек болған. Тараптар өзара ниеттер туралы шарт жасасқан, ол шарт шарттың толық бағасын, тараптардың міндеттемелерін және орындау шарттарын қарастырған. Алайда 2005 жылдың 5 шілдесінде тараптар арасындағы соңғы шарттың жобасы дайындалып, ол шарт тараптар қол қойғаннан кейін ғана күшіне енеді деп жазылған. Шарт бойынша қызмет көрсету басталып кеткен. 25 тамызда тараптар арасындағы шарттың талаптары өзгереді. Сол негізде келісімшарттың талаптары туралы дау туындайды. Сот ниеттер туралы шарттың мерзімі аяқталған соң тараптар қызметті келісілген бағаға көрсету туралы келісімге келді, алайда тараптар арасындағы соңғы шарттың жобасына тараптар қол қоймады деп шешті. Апелляциялық сот ниеттер туралы шарттың мерзімі аяқталған соң тараптар арасында мүлде келісім болмаған деп шешті.

Әдетте, тараптар өздерінің іскерлік қарым-қатынастарын келісімшарт жасасу арқылы бекітеді. Алайда, кейбір кездері тараптар өздерінің іскерлік қатынастарын келісімшартпен реттеді деп тек қана есептейді. Сондай кезде сот шешім шығару үшін келесі жағдайларды қарастыру керек:

1. Тараптар қол қойғанға дейін немесе жазбаша түрде келісімге келмегенге дейін тараптар үшін міндетті болмайтын келісімшарттар;
2. Тараптар болашақта қарым-қатынастарын бекіту үшін жазбаша түрде ресми келісімшарт жасасу туралы келісімге келуі мүмкін жағдайлары және т.б.

Қолданылған әдебиеттер:

1. J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 2-03 ff; Andrews on Civil Processes (Cambridge, 2013), vol 2: Arbitration and Mediation, 1.34 ff;
2. K Lewison, *Interpretation of Contracts* (5th edn, London, 2011), 16-07;
3. N Andrews, *Contract Law* (2nd edn, Cambridge, 2015), 4.22;
4. N Andrews, *Contract Law* (2nd edn, Cambridge, 2015), chapters 2, 3, 21;
5. J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), chapter 2;
6. J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 2-26 ff;
7. J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 2-08;
8. K Lewison, *Interpretation of Contracts* (5th edn, London, 2011), 16-03 to 16-05;
9. G McMeel, *The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification* (2nd edn, Oxford, 2011), 14.14 ff.